

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің ауылдары және Бидайық ауылы көшелері тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы N 4-21с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 сәуірде N 2660 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 8-13 с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 24.12.2021 № 8-13 с (ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жергілікті қоғамдастық жиынтына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің ауылдары және Бидайық ауылы көшелерінің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің және Бидайық ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V шакырылған XXI  
сессия төрағасы  
М. Балтабаев

Уәлиханов аудандық  
мәслихаттың хатшысы  
Б. Кәдіров  
Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандағы  
№ 4-21 с шешіміне қосымша

**Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы  
Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің ауылдары және Бидайық ауылы  
көшелерінің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Бидайық ауылдық округінің ауылдарының және Бидайық көшелерінің атаулары	Бидайық ауылдық округі ауылдары және Бидайық ауылының көше тұрғындары өкілдерінің саны (адам )
Өндіріс ауылы	32
Жұмысшы ауылы	5
Жамбыл ауылы	10
Бидайық ауылының Абай көшесі	3
Бидайық ауылының Целиноград көшесі	2
Бидайық ауылының Телман көшесі	1
Бидайық ауылының Одесская көшесі	6
Бидайық ауылының Ертіс көшесі	1
Бидайық ауылының Целинный көшесі	4
Бидайық ауылының Карл Маркс көшесі	5
Бидайық ауылының Полтавская көшесі	1
Бидайық ауылының Клубная көшесі	1
Бидайық ауылының Гагарин көшесі	1
Бидайық ауылының Комсомольская көшесі	2
Бидайық ауылының Школьный көшесі	2
Бидайық ауылының Садовый көшесі	1
Бидайық ауылының Западный көшесі	1
Бидайық ауылының Карбышев көшесі	1
Бидайық ауылының Комаров көшесі	2
Бидайық ауылының Мирный көшесі	3
Бидайық ауылының Набережный көшесі	9
Бидайық ауылының Жапаров көшесі	11
Бидайық ауылының Воронеж көшесі	9

Уәлиханов аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандасы № 4-21 с  
шешімімен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің және  
Бидайық ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары  
1. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы

Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің ұлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысына сәйкес өзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің және Бидайық ауылы көшелері тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің және Бидайық ауылының көше тұрғындары бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шакырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің әкімі шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шакырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Нұрлы ел", "Кызылту" газеттері арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізу ді Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі ауылдарының және Бидайық ауылының көше тұрғындары қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі ауылдары және Бидайық

ауылшының көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Уәлиханов аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бидайық ауылшының көше тұрғындары, Бидайық ауылдық округі ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Бидайық ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК